«Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Талданатын объект туралы мәлімет: «Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы» МКҚК *(бұдан әрі – Кәсіпорын)*

Мекенжайы: БҚО, Бөрлі ауданы Ақсай қаласы, Әл-Фараби көшесі, №95.

2025 жылғы 1 тамызы мен 2026 жылғы 1 тамызы аралығындағы кезең бойынша «Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Бөрлі аудандық демалу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды.

Талдау Кәсіпорын басшысының 2026 жылғы 27 шілдедегі №45 «Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Бөрлі аудандық демалу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды:

Доспулаева Арна Едекешовна – «Бөрлі аудандық демалу орталығы» МКҚК-ның директорының міндет атқарушы;

Галиева-Киреева Галия Муратовна – «Бөрлі аудандық демалу орталығы» МКҚК-ның заңгер-кеңесші;

Хасенова Надежда Владимировна - «Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Бөрлі аудандық демалу орталығы» МКҚК-ның кадр бөлімінің кадр жөніндегі инспекторы.

Талдау мәні:

- Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Персоналды басқарудың тиімділігі, соның ішінде кадр ауысушылығы;
- Мүдделер қақтығысын реттеу;
- Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдау жүргізу мерзімі: 03.08.2025 ж. - 03.09.2025 ж.

Бақыланатын кезең: 01.08.2025 – 01.08.2026 ж.

МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚОЗҒАЙТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өз қызметінде ҚР Конституциясы мен заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, облыс және аудан әкімдіктерінің қаулыларына, аудан әкімдігінің 2005 жылғы

24 ақпандағы №77 қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қаулысына сәйкес қызмет атқарады.

Аталған Ережеге сәйкес мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мамандарының құқықтары мен міндеттері, атқаратын лауазымдық өкілеттіктері бекітілген. Ережеде көрсетілген аталған тұлғалардың функциялары ҚР нормативтік-құқықтық актілерін және Конституцияға сәйкес келеді. Аталған қызметкерлердің қызмет өкілеттілігімен асатын, құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар жоқ, сондай-ақ қызметтеріне кедергі келтіретін нормалар анықталған жоқ.

Ұсыныстар: ҚР жоғары тұрған нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы Ережесіне уақытылы және тиісті деңгейде қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыру.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АНЫҚТАУ.

«Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметінде 2026 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша жалпы штат саны 325 адам.

Бақыланатын кезеңде кадр ауысушылығы бойынша: жұмыстан босағандар – 93. Барлық қызметкерлер өз еркімен жұмыстан босатылды. Жұмысқа қабылданғандар - 39. Кәсіпорнының үйірме жетекшісі Кенеева Ольга Бакетжановна зейнеткерлікке шығуына байланысты 5 қаңтар күні жұмыстан босатылды, Кәсіпорнының саз жетекшісі Акимов Самат Макаруллы сынақ мерзімінен қанағаттанарлықсыз нәтижемен өтуіне байланысты 15 сәуір күні жұмыстан шығарылды. Кәсіпорнының аумақ жинастырушы лауазымына Аманиязов Муратбек Жанабаевич 2026 жылғы 13 шілде күні жұмысқа қабылданды.

Бақыланатын кезеңде белгіленген тәртіптік жазалар: Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы бойынша бақылатын кезеңде жүргізуші М.С.Сабырғалиев 14.07.2026 күнгі №204 бұйрығымен ескерту түрінде тәртіптік жаза берілді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ.

Кәсіпорны бойынша 2025 жылғы 1 тамызы мен 2026 жылғы 01 тамызы аралығындағы кезең бойынша 110 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде аукцион тәртібімен 0 сатып алу, ашық конкурспен 6 сатып алу, баға ұсынымдары бойынша 48 сатып алу, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу бойынша 29 сатып алу, тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу бойынша 27 сатып алу, рамалық келісім қолдану арқылы 0 сатып алу, электронды дүкен арқылы 0 сатып алу жүргізілді.

2025 жылғы 1 тамызы мен 2026 жылғы 1 тамыз аралығындағы кезең бойынша мемлекеттік сатып алу бойынша веб-порталы арқылы Камериальді бақылаумен 1 бұзушылық анықталған.

Кәсіпорнымен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақыты және тиісті жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру семинарларына маман қатысады.

Кәсіпорны қызметкерлері тікелей басшымен туыстық қарым-қатынаста емес. 2025 жылғы 1 тамыз мен 2026 жылғы 1 тамыз аралығындағы кезең бойынша кәсіпорныда мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Ұсыныстар: Анықталған мүдделер қақтығысы жағдайларын реттеу және қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарту мәселесін қарастыру.

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы, 2025 жылға бекітілген жоспар бойынша бөлінген 1 250 880,0 мың теңге қаражат 100 иегерілді. 2026 жылғы бекітілген жоспар бойынша 1 013 480,0 мың теңге бөлініп, бүгінгі күнге игерілгені 606088,0 мың теңге 60 % құрайды, жылдың соңына дейін 100% игеру жоспарланып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«Бөрлі аудандық демалу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өз құзіреті шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Бөрлі аудандық демалу орталығынан 2025 жылдың 1 тамызы мен 2026 жылдың 1 тамызы аралығындағы кезеңде 948 шығарылды, оның ішінде 767 жеке құрам, 79 негізгі құрам, іссапар-102. 2025 жылдың 1 тамызы мен 2026 жылдың 1 тамызы аралығындағы кезеңде қабылданған бұйрықтарға наразылықтар мен заңға қайшы әрекеттер туындаған жоқ. Аталған құқықтық нормативтік актілердің азаматтардың, заңды тұлғалардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзушылық нормалары анықталған жоқ.

Ұсыныс: Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуін қатаң бақылауға алу;

Әрбір жартыжылдық сайын қабылданған актілерге құқықтық мониторинг жүргізу;

Заңға қайшы келетін немесе ескірген нормалары бар актілер анықталған жағдайды уақытылы заңнамаға сәйкес келтіру жұмыстарын атқару.

Ұсыныстар: Қабылданған нормативтік құқықтық актілердің заңға сәйкестігін қамтамасыз ету.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Заңға және нормативтік-құқықтық актілерге сай кәсіпорын қызметінде бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ.

Кәсіпорын қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

- «Е-өтініш» азаматтадың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;
- «Enbek.kz» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;
- «ЕКС» біріңғай кадр жүйесі;
- «1С-бухгалтерия» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Басқарма ақпараттың азаматтарға ашықтық деңгейі мен дәрежесін арттыру үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы аясында ашықтық жоспарын бекіткен болатын.

Жоспарға сәйкес, мемлекеттік органдар «Мемлекеттік органдар бірыңғай интернет-ресурстарының порталында» өз қызметі туралы жалпы сипаттағы ақпаратты, ағымдағы қызметі туралы, оның ішінде азаматтық бюджет, бюджет қаражатының жұмсалуы, кадрлармен қамтамасыз етілуі, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі, мемлекеттік сатып алудың жүргізілуі және т. б. мәселелер бойынша ақпаратты уақытылы орналастырады.

МЕКЕМЕНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Азаматтар мен заңды тұлғалардың арыз шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «Қазақстан Республикасының әкімшілік-рәсімдік процестік кодексі» негізінде жүргізіледі. Кәсіпорныға түскен өтініштер БҚА (Бұлтты құжат айналымы) және «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

2025 жылғы 1 тамызы мен 2026 жылғы 1 тамыз аралығындағы кезең бойынша кәсіпорныға 20 өтініш түсті. Жеке тұлғадан 11 өтініш, ұжымдық 1 өтініш, заңды тұлғадан 8 түсті. 20 өтініш заң шеңберінде қаралып, арыз иесіне жауап берілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

Ұсыныстар: Өтініштерді қарау мерзімін және жауап беру сапасын жоғары деңгейде заң талаптарына сәйкес қамтамасыз ету.

Қорытынды: Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Бөрлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Бөрлі аудандық демалу орталығы жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Ұсыныстар: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындысына сәйкес жұмыс барысында:

1. Кадр ауысушылығы мен қызметке қабылдау процедураларын жүзеге асыру кезінде заңнама талаптары сақталсын;
2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша уақытылы ай сайын есеп тапсырылсын.
3. Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелуге жататындарын уақытылы анықтап, тіркеуге жолдау процедуралары толық сақталсын.

Директор м.а. **А.Доспулаева**